

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 389 қаулысы

"Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қор) құрылсын.

2. Қор қызметінің негізгі нысанасы аударымдар мен жарналарды шоғырландыру, медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері көрсететін қызметтерді сатып алу және оларға ақы төлеуді жүзеге асыру болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджет қаражатының есебінен 106050000 (бір жүз алты миллион елу мың) теңге мөлшерінде қордың жарғылық капиталын қалыптастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) әділет органдарында қорды мемлекеттік тіркеуді және қордың жарғысын бекітуді ;

2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне қор акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын беруді;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 1 шілдедегі
№ 389 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-176-жолмен толықтырылсын:

"21-176. "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 227-16-жолмен толықтырылсын:

227-16. "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ".

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.02.2017 № 71 қаулысымен.